«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

11.04.2018ж № 02-09/827

Ақтау қалалық ауғаныстандағы соғыс ардагерлерінің қоғамдық бірлестігі «Бауырлас жауынгерлер»
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе ауылы, Жамбыл 28

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) Сіздің 28.03.2018 жылғы №0328-1 санды арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, «Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-не (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) жаряилаған №2307360-1 санды *«Түпқараған ауданы бойынша 2018 жылға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы қызметтер»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде Сіздің арызыңызда көрсетілген мәселелер келесідей негіздермен өз дәлелін таппады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бектіліген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының (бұдан әрі - Қағида) 233-тармағында ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді 2-тармақшасында әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкес (құрылтай құжаттарына сәйкес) болуы делінген.

Сонымен қатар, Қағиданың 233-тармағында осы тармақтың 1) - 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі делінген.

Осыған сәйкес, Қағиданың конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасы техникалық ерекшеліктердің әлеуетті өнім берушілерінің ұсынған бағалау өлшемшарттары 2-тармағында тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігі (құрылтайшы құжаттарға сәйкес) қызмет мақсаты Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келмесе 0 балл беріледі ал, қызмет мақсаты

Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келсе 1 балл беріледі делінген.

Сонымен бірге, Қағиданың 234-тармағында 233-тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша бір баллдан төмен жинаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері жалпы жиналған баллдардың санына қарамастан, конкурсқа қатысуға жіберілмейді делінген.

Ақтау қалалық ауғанистандағы соғыс ардагерлерінің қоғамдық бірлестігі «Бауырлас жауынгерлер» конкурстық өтінімінде ұсынылған құрылтайшы құжат Жарғысының 2.1-тармағына сәйкес негізгі мақсаты адамгершілік және материалдық қолдау үшін ауғанистандық сарбаздарды айқындау бойынша көздеулі жұмысты жүргізу болып табылады.

Алайда, Департамент Ақтау қалалық ауғанистандағы соғыс ардагерлерінің қоғамдық бірлестігі «Бауырлас жауынгерлер» Жарғысында көзделген мақсаттары Ұйымдастырушының сатып алатын қызмет мақсатына сәйкес келмеуіне орай 0 балл беріледі деп санайды.

Демек, Ұйымдастырушының Сізді, жоғарыда аталған себеппен конкурсқа қатысуға жібермеу шешімі негізді деп есептеледі.

Бұдан басқа, Департамент тарапынан камералдық бақылау жүргізу барысында бұзушылықтар анықталып Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделген тәртіппен тиісті шара қабылдау үшін Ұйымдастырушыға анықталған бұзушылықтарды жою үшін хабарлама жіберілді.

Сонымен қатар, Ұйымдастырушы хабарламамен келіспен жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылдағы 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 14-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарсылық жіберуге құқылы.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10-бабына сәйкес арызыңызға жауап мемлекеттік тілде берілді және 12-бабына сәйкес өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

орын. Н.Жақайұлы
тел: 8/7292/ 31-90-92